

БӨЛІМ: ҰСТАЗ ОЙЫ

"Заманауи мұғалім бейнесі" мақаласыЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/57114/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Трайкен Айдана Нұржанқызы
дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі
Қарағанды қаласы, « №92 гимназия» КММ

Аннотация:Болашақ мұғалім бейнесі,негізгі критерийлары мен балашаққа бағдары.

Болашақтың мұғалімі қандай болуы керек? Проблемаларды шеше білетін, ізденімпаз, сын тұрғысынан ойлай алатын, іскер, шығармашыл, өз мамандығын жанындай сүйетін, өзгемен тіл табыса білетін, оқушы жүрегіне жол тапқан ұстаз ғана биік шыңдарға шыға алады деп ойлаймын.

Алайда, еліміздегі білім беру жүйесінің әлсізденуі, педагог мамандардың кәсіби шеберлігі мен білік деңгейінің соншалықты төмендеуі салдарынан білім деңгейіміз халықаралық стандартқа сай келмеуі- алаңдатушылық тудырып отыр.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, мінез деген қасиеттерімен озады», — деп ұлы ақын Абай айтқандай, әлемдік көшке ілесу, өркениетті мемлекеттермен тереземізді тең ететін де білім екені мәлім.

«Біз балалардың басына әр түрлі ештеңеге де қажет емес қоқысты үйіп-төгіп саламыз, кейін адам оны не істейтінің білмейді»,— деп К.Д. Ушинский айтпақшы, оқушыға өмірге қажет боларлық білім берілмеуі, заман өзгергенімен, алдымыздағы оқушымыз өзгеріп отырғанымен, оқытушы мұғалім өзгеріссіз қалуы-қоғамға өте қауіпті екендігі бәрімізге аян.

«Сабақ беру - үйреншікті жай шеберлік емес, ол - үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп Жүсіпбек Аймауытов өзінің көрегендігімен бір ғасыр бұрын айтып кетсе де,біз,ұстаздар қауымы дәстүрлі беріліп жүрген сабақтан әлі де арыла алмай келеміз. Көп жағдайда сыныптағы талқылау мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінен ауытқымай, оқушының дұрыстап, орнымен нені, қашан, қай кезде, қалай айту керектігін белгіленген тәртіптен әрі өзгере алмай қатып қалған бір заңдылықпен өтіп келеді.

Оқушылардың сыныптағы әңгімеге қатысуға кей кезде шектеу қойылады.

Жапондық зерттеуші ғалым Джон Дьюи: «Сынып бөлмесіндегі парталар қатарында орнаған әскери тәртіп пен арнайы рұқсат арқылы орындалатын қимыл- шәкірттердің еркіндігін тежеп, оның дамуына кедергі жасайды», – деп айтқан екен.[1.1] Ал, біз оқушыларымызды осылай қатарланған партада неше жыл ұстап келеміз. «Біз оқушылардың еркін өсуіне, қанат жаюына бөгет болып отырған жоқпыз ба?», – деген ой мені мазалағандықтан, топтық жұмыс арқылы оқушылардың өзіндік идеясын қалыптастырып, өзара дербес қарым-қатынас жасай алатын, білімді толық меңгерулеріне мүмкіндік жасау керектігін жете түсіндім.

Жапондықтардың айтуы бойынша «Сабақ ағып жатқан өзенге ұқсайды» дегендей мұғалім сыныптағы жалғыз білім көзі ретінде емес, көмектесуші адам ретінде барлық оқушылардың дамуына қолдау көрсетуі керек.[1.1]

Себебі, оқушылар құрбы- құрдастарымен диалогтік қарым-қатынаста өзара бірлесіп талдау арқылы білімді терең игеретіні туралы ағылшын ғалымы Мерсер дәлелдеп кеткендей оқушыларымыздың сыныптастарымен бірлесе отырып талдауы, күрделі тақырыптардың өзін меңгеріп кетуі-сабақтың нәтижесі болар еді.

Оқытуды тұрақты әрі айтарлықтай жақсартуға қалай қол жеткізуге болады?

Сабақты жақсы беру үшін болашақтың мұғалімі жоғары білік пен дағдылардың толық жиынтығына ие болуы тиіс. Мұғалім әр оқушының күшті және әлсіз жақтарын дәл бағалай алуға, оның білім алуына көмек көрсетуге лайықты педагогикалық әдістерді таңдай білуге және оқушымен қарым-қатынаста тиімді әрі мақсатқа лайық тәсілді қолдануға қабілетті болуы тиіс.[1.4]

Ғалымдардың айтуы бойынша жалпы халықаралық білім беру жүйесінде жақсы нәтижелерге жеткізетін төрт тәсіл іске асырылуда. Сол тиімді төрт тәсілдің негізгі айтар уәжі: ең озық білім жүйелерінде жас мұғалімдерді тек озық тәжірибелі мұғалім ғана тәрбиелей алатыны мойындалған. Ол үшін практикадан өтушілер тікелей тәжірибелі тәлімгер сыныбында үйренуі керек болған. Мектепте білім беріп жүрген мұғалімдер басқа мұғалімдерді үйрету үшін арнайы даярланған сарапшы мұғалімдер сабаққа қатысады, бақылайды, мұғаліммен ой бөліседі, жақсы, нәтижелі сабақ беру мүмкіндіктерін бірге отырып ойластырады, мұғалімдерге өз жұмыстарының жетістіктері тұрғысынан түсінулеріне көмектеседі екен.[1.5] Сол әлем мойындаған төрт тәсілді біз неге қолданбасқа?

Бұл жүйеде озат іс-тәжірибенің кең таралуына зор мән беріледі: «Өте жақсы америкалық мұғалім зейнетке шыққанда онымен бірге барлық сабақ жоспарлары мен ол жасаған әдістемелер де кетеді. Ал, жапондық мұғалім зейнетке кеткенде, ол өзінің бар мұрасын артына қалдырып кетеді ».[1.1]

Біздің де тәжірибелі талай ұстаздарымыздың жарты ғасыр бойы бойына сінген әдістерінен ой бөліспей талай құндылықтарымыздан айрылып қалып жатқанымыз – өкінішті. Сондықтан әрбір тәжірибелі ұстаз өз шеберлік сыныбын өткізіп, сан жылдар бойы жинаған іс-тәжірибесіндегі өзінің сабақ беру шеберлігін өзге жас мамандарға

үйретіп кететін болса, тәжірибе алмасу арқылы оқу үдерісіне жаңалық енгізіп, табысты оқуға қол жеткізетінімізге сенімдімін.

«Үш қадам артқа шегін, бірақ мұғалімнің көлеңкесін баспа», –деп жапондықтардың балаларын тәрбиелеуі туралы оқығанда керемет тәрбие екен деген ойға қалдым. Менің түсінгенім- мұғалім мәртебесінің маңыздылығы, оның қоғамдағы мәртебесі мен барлық білім жүйелерінде мұғалім мамандығына деген қызығушылық өзара тығыз байланысты екендігіне көзім жетті. Мұғалім мамандығының жоғары мәртебеге ие болуының арқасында анағұрлым талантты, білікті адамдардың мұғалімдікке келуі, осы мұғалім мамандығының мәртебесінің одан бетер өсуіне алып келеді емес пе? [1.1.А.Құсайынов]

Ал, бізде мұғалім мамандығының мәртебесі төмен, сондықтан жоғарыда айтқанға қарама-қайшы үрдіс байқалады: мұғалім мамандығы мектеп бітіруші түлектерді аз қызықтырады, бұл мамандық мәртебесінің төмендеуіне алып келіп отыр.

Қазіргі заман талабына орай біздің ұрпақтарымызды тәрбиелі, мәдениетті де, білімді етіп тәрбиелеп, олардың көзқарасын жоғары деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық тәрбиесі, ұлттық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келетін болса, онда білім берудің әдістері мен түрлерін өзгертуіміз керек емес пе?

Бүгінгі мақсат–әрбір оқушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы мүмкіндік көрсету .

Бүгінгі ұстазға түрлі кедергілерге қарамастан мұғалімдерімізге жаңаша деңгейде өзгеру қажеттілігі туындап отыр. « Өйткені әр уақыттың өз мұғалімі болады. Әр кезең өзіндік талаптарын қояды. Үлкен ізденістен идеал мұғалім пайда болады. Солайша қоғам қатаң тиісті қасиеттерді меңгерген мұғалімдерді таңдайды» Осындай заман талабына сай болашақтың мұғалімі атану үшін деңгейлік оқыту бағдарламасын оқып меңгеру қажет деп санаймын.

Себебі, бұл тәсілдің ең бір тиімді тұсы оқушылардың сол алған білімдерді өмірде қолдана алуына ықпал ету болып табылады. Бүгінгі мектеп пен жаңа формация мұғалімнің алдында тұрған негізгі мәселе баланы оқи білуге үйрету, ойлана білуге үйрету, өмір сүруге қабілетті, өзін – өзі дамыта алатын , өз ойын еркін айта білетін, білімді , шығармашыл, қоғам талабына сай өзін көрсете алатын тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін жеті модульді сабақ барысына пайдалану арқылы білім берудің маңыздылығы ерекше деп ойлаймын.

Болашақтың мұғалімі,ол ертеңгі елдің болашағы, сондықтан сыни тұрғыдан ойлай білетін, еркін сөйлей алатын, ынталы, өз-өзіне сенімді,өз пәнін жетік білетін,өз пәнін шексіз сүйетін, жеке тұлғаны қалай оқыту керектігін білетін маман болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.1.А.Құсайынов « Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы »
- 1.2.Қазақстан республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 1.3. I деңгей мұғалімге арналған НҰСҚАУЛЫҚ.

Қатысушының өтініші

- 1 Автордың аты-жөні, жұмыс орны,
қала/аудан атауы Трайкен Айдана Нұржанқызы,
«№92 гимназия» КММ, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы
- 2 Лауазымы (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, мамандығы; студент, магистрант)
Мұғалім (бакалавр)
- 3 Жұмыс орны «№92 гимназия» КММ
- 4 Байланыс телефоны 8-778-276-82-77
- 5 E-mail altai_2015@bk.ru
- 6 Мақаланың атауы Болашақтың мұғалімі
- 7 Бет саны 3

ҚМ АА Күелік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.